



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 07/392

20 февраля 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### ОБРАЩЕНИЕ ЧЛЕНОВ СОВЕТА АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА



Мы, члены Совета Ассамблеи народа Казахстана, осознавая свою ответственность за будущее, являясь соратниками Президента Республики Казахстан, Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева, патриотами своей Родины, обращаемся к народу. В адрес Ассамблеи народа Казахстана поступают со всех регионов страны многочисленные обращения граждан страны с инициативой о проведении досрочных выборов Президента Республики Казахстан. Ассамблея народа Казахстана считает своим гражданским долгом высказать свою позицию по этому судьбоносному вопросу. В условиях нарастающего мирового экономического кризиса и сложной международной повестки общенациональная инициатива о проведении выборов является требованием времени. Президенту страны Нурсултану Назарбаеву необходимо дать новый мандат общенационального доверия для успешного прохождения страны в период глобальных испытаний, на новом и трудном этапе мировых дисбалансов необходимо оказать доверие Елбасы Н.А. Назарбаеву, чтобы страна не сбилась со своего стратегического курса и продолжила свой путь по масштабной модернизации страны и продвижению в 30 наиболее сильных государств мира. Более того, новый мандат доверия лидеру нации объединит и сплотит народ на новом этапе мирового развития, позволит сосредоточить все усилия на важнейших вопросах развития государства. Сегодня нашей стране необходимо объединить все ресурсы для реализации программы «Нұрлы жол – путь в будущее», долгосрочной Стратегии «Казахстан-2050». Убеждены, что консолидация вокруг проводимого курса Главы государства является гарантией дальнейшего поступательного развития страны и благополучия наших граждан. Именно поэтому в это непростое время мы призываем всех казахстанцев сплотиться вокруг

лидера нации Н.А. Назарбаева. Важно через досрочное проведение президентских выборов укрепить рост экономики, обеспечить преемственность проводимой политики. Эта инициатива фактически безальтернативна. Кроме того, в следующем 2016 году одновременно наступают сроки проведения президентских и парламентских выборов. В целях неукоснительного соблюдения норм Конституции целесообразно провести их в разное время. Ассамблея народа Казахстана всегда выступала и будет выступать в поддержку инициатив, направленных на прогресс и устойчивое развитие нашей Родины. Мы уверены, что, выдвигая эту общенациональную инициативу, найдем поддержку как у казахстанцев, так и всего международного сообщества, так как исходим из высших интересов народа и страны. Пусть наша независимость будет вечной! Пусть Казахстан процветает, из года в год преобразуясь во все более авторитетную и уважаемую в мире страну! Мы, члены Совета Ассамблеи народа Казахстана, обращаемся к депутатской группе Ассамблеи народа Казахстана в Мажилисе Парламента Республики Казахстан выступить с инициативой о проведении досрочных выборов Президента Республики Казахстан. Казахстанцы выступают за продолжение Стратегии «Казахстан-2050» как нашего пути в клуб 30 самых успешных экономик мира! Казахстанцы поддерживают программу «Нұрлы жол – путь в будущее»! Казахстанцы за укрепление внутривнутриполитической стабильности, за дальнейшее развитие! Мы обращаемся ко всему народу Казахстана, политическим партиям, гражданскому сектору и патриотам нашей страны поддержать инициативу проведения досрочных выборов Президента Республики Казахстан!

Астана, 14 февраля 2015 года  
источник: [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)

*Әкім бол, халқыңа жақын бол*

### ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

Өткен бейсенбі күні, яғни ақпанның 19 жұлдызында, Приозерск қалалық өнер және спорт мектебінің концерт залында Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Қанапияұлы Әбдібековтің облыс халқы алдындағы есебі телебайланыс арқылы тыңдалды. Әкім есебімен танысуға қаланың кәсіпоры, мекеме, ұйымдары мен тұрғындарынан өкілдер қатысты.

Межеленген 11.00 сағатта есепті кездесуін бастаған облыс әкімі осы уақытқа дейін барлық деңгейдегі әкімдердің 435 кездесуі өтіп, оған 445000 халық қатысқанын, 1372 сұрақ пен 1300-дей ұсыныстар түскенін, өзінің облыс тұрғындарымен сұқбаты барысында 6000-дай адамның қатысып, онда 275 сұрақ берілгенін, оның бәріне ауызша жауап берілумен қатар, сұрақ иелеріне жазбаша түрде жауап қайтарылғанын және бүгінгі халықпен кездесуде барлық әкімдердің есепті кездесулерінің соңғы нүктесі екенін мәлімдеді. Одан әрі облыс әкімі облыс бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстардың қорытындысы, ондағы жетістіктер мен кемшіліктер жайында баяндама жасады.

Әкімнің баяндамасы аяқталысымен кезек облыс көлеміндегі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақ-жауапқа жалғасты. Онда кейбір салаларда ұсыныс-тілектердің уақтылы орындалмайтыны, коммуналдық төлем тарифтерінің неге төмендемейтіні, жұмыспен қамту мәселесі, этностардың тепе-теңдігін сақтау, мәдениет саласын дамыту мен қолдау, электр қуатын есептеуіш құралдарының жай-жапсары, Балқаш қаласынан Шұбартүбек қалашығының проблемасын Балқаш қаласы деңгейінде шешу мәселесі, Ақтоғай ауданынан ҰБТ-ны жергілікті жерде өткізуді ұйым-

дастыру, Сараннан жастарға арналған несиелік үйлерді көбейту, «7-арна» телеканалынан Көкпекті аулы тұрғындарының өтемақы жайы, Майқұдықтан Семей сынағына ұшырағандарға пәтер беру туралы, ҰОС ардагерлеріне қамқорлықты еселеу, Жезқазғаннан жол жөндеуі, Бұхар жырау ауданынан кәріз жүйелерінің жөндеуі, Шахтинскіден ең қажетті азық-түліктің тым қымбаттауы мен арнайы әлеуметтік дүкендер ашу қажеттігі, Қарағандыдағы 101-лицейдегі сыныптарда шәкірттердің шамадан тыс көптігі, Сұрыптаудан көшелерде су құбырларының азығы, Приозерскіден қалада ыстық судың жоқтығы, Осакаровкадан тұқымдық дақылдарға мемлекеттен көмек көрсетілуі, Шет ауданынан шаруа қожалықтарын электр қуатымен қамтамасыз ету т.б. сауалдар беріліп, облыс әкімі бұның бәріне сол жерде тиянақты әрі нақты жауаптар қайтарды. Жалпы ауызша түскен 30-дан астам сауалдан басқа жәшіктегі жазбаша түскен сауалдырға жазбаша жауап қайтарылатыны ескертілді. Бұдан басқа спорт, денсулық, тұрғын үй т.б. мәселелер төңірегінде сөз болып, тұрғындар тарапынан облыс әкіміне және оны командасына алғыстар да айтылды. 2 сағатқа жоспарланған есеп беру жиыны 3 сағатқа жуық жалғасты.

Облыс әкімінің есеп беру кездесуі жоғары деңгейде, халықтың көңілінен шығатын жағдайда өтті деп айтуға толық негіз бар, оны кездесуден соңғы жұрттың жылы лебізінен байқадық.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі

### С ПРОСЬБОЙ ПОДДЕРЖАТЬ

Мажилис Парламента РК обратился к Главе государства с просьбой поддержать инициативу Совета Ассамблеи народа Казахстана о проведении внеочередных президентских выборов.

Обращение к Первому Президенту - Лидеру нации Нурсултану Назарбаеву зачитал председатель Мажилиса Кабибулла Джакупов на пленарном заседании палаты.

«Уважаемый Нурсултан Абишевич! Депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, члены Совета Ассамблеи народа Казахстана выступили с инициативой о проведении внеочередных президентских выборов. Аналогичные предложения неоднократно поступали в Парламент от избирателей, проживающих во всех регионах страны и представляющих различные социаль-

ные группы населения. Данная инициатива нашла позитивный отклик у политических партий, институтов гражданского общества, предпринимателей, молодежи. Общественное мнение о необходимости проведения внеочередных выборов связано с пониманием объективных геополитических и внешнеполитических реалий, оказывающих влияние на Казахстан. Происходящие глобальные изменения требуют адекватного реагирования с нашей стороны. Успех на этом пути возможен лишь при условии подтверждения сплоченности нашего народа вокруг лидера страны и предложенной им программы действий», - сказал К. Джакупов.

Мажилисмены единогласно проголосовали за принятие обращения к Президенту.

АСТАНА. КАЗИНФОРМ

*Үндеуге қолдау*

### КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫН ҚОЛДАУЫМЫЗ КЕРЕК

Жуықта «Нұр Отан» партиясының алғашқылардың бірі болып 2015-жылы кезектен тыс президент сайлауын өткізу ұсынысын қолдау туралы мәлімдеме жасағаны белгілі. «Нұр Отан» партиясы мұны ел халқының мүддесіне жауап беретін дұрыс шешім деп есептейді. Бұл қадам парламент, үкімет, орталық және жергілікті атқарушы органдардың күшін ел дамуы мен гүлденуі жолында біріктіруге мүмкіндік береді. «Нұр Отан» партиясы барлық азаматтарды, саяси партиялар мен қоғамдық күштерді аталған ұсынысты қолдауға шақырады», - дейді Б. Байбек.

Ол сайлауды өткізу халық күшін біріктіріп, елімізді нығайта түсудің тарихи мүмкіндігі екендігін атап өтті. «Тарихи тұрғыдан алғанда, күрделі кезеңде бірлігіміз бен тұрақтылығымызды нығайту, мемлекет, қоғам мен барша азаматтардың «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыруда күшін біріктірудің маңызы зор. Жұмыс орындарын сақтап қалып, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайына қолдау көрсету, болашақтың инфрақұрылымын құрудың маңызы ерекше», - деп түйін-

деді Б. Байбек өз сөзін.

Иә, бүкіл әлемді уысында ұстап отырған ғаламдық дағдарыс салқыны біздің елімізді де шарпымай қалмайтыны сөзсіз. Қазіргі арқа-басымыз кең, дағдарысқа қарсы Елбасының бастауымен қатаң шараларды қолдануға әрекеттер жасалып, Ұлттық қорды нығайтып, бюджеттің шығыс бөлігінің маңызды емес тұстарын қысқартып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын бірқалыпты ұстап тұруға күш салынып жатқан кезде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуге қолайлы кезең болып табылады. Сондықтанда, ҚҚА бастап, «Нұр Отан» партиясы қостаған бұл бастаманы біз тіршілік етіп жатқан Приозерск қаласының тұрғындары да қолдайды деп ойлаймын. Біз де қазақстандықтармыз, біз де осы қоғамның бір бөлшегі болып саналамыз, еліміз үшін маңызды шаралар қабылданып жатқанда қарап қалмай, өз ой-пікірімізді білдіруге атсалысу біздің де басты борышымыз болмақ.

Н. ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

*Соғыс солдатты таңдамайды*

### АДАМЗАТТЫ АЛАҢДАТҚАН АУҒАН СОҒЫСЫ

Совет үкіметі әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылуы күніне орай Приозерск қаласындағы Өнер және спорт мектебінің залында қаламызда тұратын Ауған соғысының ардагерлеріне құрмет көрсетілді. Шараның басты мақсаты – Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету, соғыста көрсеткен батылдықтарын ұмытпау және жастарда өз еліне деген патриоттық сезімдерді тәрбиелеу. «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ бастамасымен ұйымдастырылған мәдени шараға Ауған соғысына қатысқан Шакиров Құдайберган Сұлaimенұлы, Пазылов Абдиқадир Жанабайұлы, Сатенов Алибек Рагатаевич, Тұрлыбаев Полат Канатұлы, Югай Аркадий Евгеньевич, Сердалиев Қалмұрза Құрбанбекұлы, Крупский Валерий Викторович, Акмұрзаев Бердібек Тауасқанұлы және Шохметов



Шашубай Серікұлы сынды ағаларымыз шақырылған болатын. Алдымен қала әкімі Камзин Қайрат Амангелдіұлы сахна төрінен Сол алапат соғысты ауыздықтауға қатысқан интернацио-

(соңы 3 бет.)

## МАЙДАҢДА ҚАН, ЕҢБЕКТЕ ТЕР ТӨККЕН

Екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс-фашист басқыншыларымен болған соғыста кеңес әскерінің жеңіске жеткенінің 70 жылдық мерейтойын кең көлемде тойлайтын күн сәт санап жақындап келеді. Бұл қырғын соғысқа сол кездегі Кеңес Одағының барлық республикаларынан әртүрлі ұлт өкілдері бір атаның баласындай жұмыла қатысты. Бейбіт өмірдің тұрғындары алғаш рет адамдарға қарай оқ атты. Ол кездегі адамдардың көкейінде тұтқиылдан лап қойып, бейбіт жатқан елдің шырқын бұзған фашист басқыншыларына деген ыза мен кек, өшпенділік, өзара достық пен түсіністік болды. Басынан бақайшағына дейін мұздай қаруланған, соғыс техникалары заманға сай жетілдірілген қарсыластарына алғашқы жылдары жалғыз ауызды мылтықпен қарсы шықты. Олардың ойларында ерлік көрсетіп, марапат алайын деген ой болған жоқ, бар арман-мақсаттары соғысты жеңіспен аяқтап, елге аман-есен оралу болатын...

1914-жылы Өзбекстанның Кенимех ауданы Анотерен ауылында туған Ораздың баласы Жұма соғыс басталғанда 27 жастағы атыл азамат болатын. Ол кезде ауылға да еңбек күші аса қажет болғандықтан, соғыстың алғашқы жылы оған шақыру қағазы келген жоқ. Жүмекең ата – кәсібі қой бағумен айналысып, ауылда қалған елге басшылық жасап жүрді. Шаруашылықтағы ала таңнан қара кешке дейінгі бітіп болмайтын тірлікке белі бүкірейген қарттан бастап, бұғанасы қаптаған балаға дейін араласатын. Жұмыстың кезкелгенін бәрі бірдей атқара беретін. Олар майдан даласында жаумен жағаласып жүрген әскерлерге азық-түлік, киім-кешек жіберіп тұруды, сөйтіп жеңісті жақындатуға үлес қосуды өз міндетіміз деп санады. Ал, өз қатарластарынан қалып қойған Жүмекеңнің ойында қалайда соғысқа аттану болатын...

1942-жылы көптен күткен шақыру қағазы да келіп жетті. Сол мандағы шақырылған жігіттермен бірге ауыл-елмен қош айтысып, қиян-кескі соғыс жүріп жатқан майданға да аттанып кетті. Бұл ұрыстың ең бір қызып тұрған шағы еді. Әуелі оларды қысқа мерзімдік әскери дайындықтан өткізіп, соғыс кезіндегі шешуші шайқастардың бірі өтіп жатқан Курск майданына төкті. Бұрын аңшы мылтығымен аң атқаннан басқа, кісіге қару кезеңбеген жігітке өзі секілді адамға қарай ажал оғын себу әуелгіде тым өрескел көрінген. Қарсында жатқан адамды атып өлтірудің қаншалықты ауыр, қиын екенін жан-жүрегімен сезінгенімен, оны өзі аттаса, ол өзін ататынын, өзін өлтіретінін де іштей білді. Әскери дайындық кезінде балдарды осындай психологиялық сынақтан өткізіп, соғыстың әдіс-тәсілдерін игерумен қатар алып жүрген еді. Нағыз шайқасқа кіргенде кісінің екіұдай сезімде болып, мейрімділікке жол берілмеуі керектігін мықтап ұқтырған. Тосаттан оқ пен от борап бергенде көңілдегі күдікті ойдың бәрі бытырап кетіп, ол да өз қаруынан алға қарай оқ борататын болды. Аз уақыттан соң ысқырған снарядтардың, зуылдап ұшқан оқтардың, жан-жағында жарылып жатқан мина мен төбеңнен ұшақтар тастайтын бомбаның құлақ тұндырған жиіркенішті үндеріне де бойы үйренді. Жүмекең осылайша Курск бұғағын азат етуге 1943-жылдың күзінде дейін қатысты. Осы күзде жаумен болған алапат шайқаста зенбірек снарядының жарылған жарықшағы оң аяғының сан сүйегін қиратып кетті. Ауыр жараланып, есінен танып жатқан, көп қан жоғалтқан оны медицина жауынгерлері әуелі майданның санитарлық бөліміне әкеліп алғашқы көмек көрсеткен. Одан кейін тылдағы бірнеше госпитальдарда емделіп, майданға қайта кіруге жарамсыз болғасын, елге оралған...

Соғыс майданының алапатын бір кісідей көріп келген Жүмекең елге келісімен еңбек майданына араласып кетті. Бұл кезде ауылда жұмыс күші тіптен тапшы болатын. Ол өзінің бұрыннан үйренген кәсібі – шопандықты қолына алды. Бұдан әрі өзін мадақ пен даңққа бөле-ген шопандық кәсіпте өмірінің соңына дейін ерен еңбек етті. Елге Ұлы Жеңіс шапағы нұрын сеуіп, бейбіт тыныштық орнаған, жұрттың қарны тойынып, пейілдері жадыраған шақта – 1949-жылы Рахия Жұмағазиева есімді қызбен бас қосып, шаңырақ көтерді. Рахия апа соғыс жылдары тылда еңбек етіп, ФЗО-да оқыған, майдангерлерге киім тігумен айналысқан шебер кісі болған. Зұлмат соғыстың зілдей салмағын қатар көрген жас жұбайлар енді ел байлығын еселеу, ұрпақ өрбітіп, іздерінде азаматтық аттарын қалдыру жолында қатар тұрып бейбіт еңбекке бел шеше, білек сыбана кірісіп кетіп еді...

Рахия апа жұбайына сенімді көмекші болды. Қой бағудың қиындығы мен азабын



басынан өткергендер ғана біледі. Қыстың қақпаған суығы мен жаздың ми қайнатар ыстығында иен далада қой бағатын ерінің ауырын жеңілдетуге бар күш-қуатын салды. Күзгі күйек, көктемгі төл алу науқандарында отардың бір шетінен табылатын, сөйте жүріп, он балаға ана болды. Тұңғыштары Сәрсенбай дүниеге келгендегі алғашқы аналық сезімді бастан кешу де бір бақыт еді. Одан кейін өмірге Жолдасбек, Тұрсынғұл, Тұрдымұрат, Орынбек, Тұрар, Тынышбек, Амангүл, Амангелді, Қалдыгүл есімді тоғыз баланы дүниеге әкелді. Оларды тәрбиелеп, өсіру де Рахия ананың міндеті еді. Ананың асқақ армандары мен мұрат-мақсаттары жүзеге асты. Барлық перзенттері жетіліп, мамандықтың, кәсіптің иелері болып, бір-бір шаңырақтың түтінін түтетті. Жолдасбекті жоғары білімді дәрігер мамандығын алып, халық саулығын қорғау жолында жемісті еңбек етіп келеді. Қазір Приозерск қаласының тұрғыны. Рахия ана 08.06.1973 -жылғы КСРО Жоғарғы кеңесінің Жарлығымен «Батыр ана» алтын медальмен омырауына қадады. Еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше медальдармен марапатталған...

Жұма Оразұлы жеңістің 20, 30 жылдыктарына арналған мерейтойлық медальдарымен қатар, КСРО Қорғаныс Министрі, Кеңес Одағының маршалы А.Гречконың арнайы құттықтау хатын алған. Еңбек майданындағы ерен еңбегі де өз дәрежесінде мадақталып, марапатталды. «Қызыл жұлдыз», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Октябрь революциясы» ордендерімен қатар ең үлкен дәреже – «Ленин» орденін омырауына таққан. Бірнеше медальдармен марапатталған. Ауылдық аудандық кеңестерге депутат болып, тұрғындардың сеніміне ие, апаратын адал болған азамат.

Ұл-қыздарының алғашқыларының қызы мен жетілгендерін көрген Жұма ақсақал 1977-жылы Пайғамбар жасында дүниеден озды. Ал, Рахия әже бар баласын аяқтап отырып, мына өмірде қиындық пен қызықты, бақытты ғұ-мырды қатар кешіп, 1996-жылы 70 жасында өмірден өтті. Өзгерістер мен әртүрлі оқиғаларға толы болған жиырмасыншы ғасырдың түлектері, соғыста қанып, еңбекте терін төккен майдангер Жұма ақсақал мен Батыр ана Рахияның өнегелі де, мәнді өмірлері ұрпаққа – ұлағат, жастарға – үлгі, болашаққа – тарих болып қала бермек. Олар жайлы жылы лебіз бен мадақ сөздерді замандастары, көз көргендерден әлі күнге есітіп жүреміз. Артында өлмейтұғын із қалдырған жандардың жандары жәннатта болғай! «Өлі риза болмай, тірі байымас», «Аруаққа құмет, тіріге ізет» көрсетуді ұмытпайық, ағайын! Төмендегі жыр шумағын Ұлы Жеңіске зор үлестерін қосқан ардагерлердің рухына бағыштаймын!

**Майданда қанып, еңбекте терін төккендер,  
Намысын – қайрап, қаруын – сайлап  
өткендер.**

**Бірік пен достық, ерлікті серік еткендер,  
Ұлы Жеңіске осылай қолы жеткендер!  
Олардың алдын ешқашан кесіп өтпен-  
дер!..**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі  
Суретте: Ж.Оразов**

## ЭТОТ ДЕНЬ МЫ ПРИБЛИЖАЛИ КАК МОГЛИ...

**В нашем городе живет прекрасный человек, участвовавший в Великой Отечественной войне 1941 - 1945 годов Советского народа против фашистских захватчиков. Ему довелось пройти от первых дней войны и до долгожданного Дня Победы.**

Удилов Георгий Иванович, кавалер ордена Великой Отечественной войны 2-степени; медалей «За победу над Германией», «За отвагу», «За боевые заслуги», медали Маршала Жукова, юбилейных медалей 30 лет, 50 лет, 60 лет Победы, имеющий благодарности за освобождение городов Орел, Волковыск и Белосток.

Георгий Иванович родился 23 февраля 1919 года в селе Лемсинск Андреевского района Талдыкорганской области. В 1937 году закончил 5 классов школы и поступил в ветеринарный техникум, который окончил в 1938 году и был направлен на работу в Кордайский район Жамбылской области. За два года до начала войны, то есть в 1939 году он был призван в армию. С первых дней войны был направлен на фронт в артиллерийский полк. Воевал Георгий Иванович на 1-м Северо-западном фронте, на Орловско-Курской дуге и на 2-м Белорусском фронте. Был артиллеристом, минометчиком, заряжающим 2-ым номером. Освобождал города Бобруйск, Белосток, Орел, Волхованск, Старая Русса Ленинградской области. В 1945 году был ранен. После лечения в госпитале снова вернулся в 1-й Северо-западный фронт, где и закончил войну. Демобилизован Георгий Иванович Удилов был 11 мая 1946 год, прослужив в армии 7 лет.

После войны Георгий Иванович работал бригадиром в молочной ферме, затем уехал в Узбекистан, где работал кондуктором на грузовых поездах в Ташкенте. Весной 1956 года вернулся в Кордайский район Жамбылской



области. Работал водителем. В 1980 году вышел на пенсию. В 2000 году переехал в город Приозерск.

**23 февраля Георгию Ивановичу Удилову исполняется 96лет!**

**От всей души поздравляем нашего доблестного ветерана с Днем рождения и желаем ему бодрости, здоровья и хорошего настроения!**

**Б. Алшынкекулы**

## Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы

## МАМАНДЫҒЫН МАҚТАН ЕТКЕН МҰҒАЛИМА

Бүгінде ел ішінде кешегі заманның мектебі мен ұстаздары, оқыту үлгісі, шәкірттері туралы салыстыру жүргізіп отыратын әдет қалыптасып кеткені жасырын емес. Ұстаздар қауымына көңілдері толмай жататындар да табылады. Алайда, өз мамандығының қыры мен сырын жетік менгеріп, заманауи әдістемелік құралдардан, ғаламтордан толыққанды пайдалану арқылы өз шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген ұлағатты ұстаздардың арасында – әр мектепте бар екені даусыз. Ұстаз еңбегі – өте нәзік, көп оқуды, ізенуді, білімін үнемі жетілдіріп отыруды, ұстамдылық, сабырлық, байсалдылық пен шыдамдылықты үздіксіз талап ететін мамандық.

Кезкелгеннің осы мамандықтан абырай-атаққа қол жеткізуі екіталай. Білікті, жақсы ұстазды оның тәлім-тәрбие беріп жатқан шәкірттерінің сабақ үлгерімі мен қол жеткізген жетістіктеріне қарап бағалау дұрыс шығар. Осындай ұлағатты ұстаздардың бірі Қарағанды облысы, Приозерск қаласындағы № 1 қазақ орта мектебінде бастауыш сынып оқытушысы Құлпаршын Әлибекқызы Мұратова десек, жаңылыспаймыз...

Құлпаршын Әлибекқызының ұстаздық етіп, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып келе жатқанына отыз жылға жуықтаған. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының Абай ауылында 1964-жылдың 20-ақпанында дүниеге келген Құлпаршын мектепте де сыныптастарының алды болды. Өзіне білім берген ағайындары мен апайларына еліктеген ол мектепті бітіргеннен көп ойланып жатпай-ақ, Жезқазған қаласындағы педагогикалық институттың «Математика және физика» факультетіне құжат тапсырып, өзінің білімімен оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде де бар мүкіндігін терең білім алуға, көп уақытын кітапханада отырып, мамандығына қажетті кітаптарды парактауға жұмсауға тырысты. Теориялық білім негізі осында жүргенде жақсы қаланса, ертең мектепке мұғалім болғанда алдынан шығатынын жақсы ұғынатын.

1986-жылы институтты бітіргенде оның алдында бөтен елдің дәм-тұзы күтіп тұрды. Ол кезде жоғарғы оқу орнын бітірген мамандарды оқу орны жолдама арқылы Республиканың мамандар тапшы аудандарына, елдімекендеріне жіберетін дәстүр қалыптасқан еді. Осы жылы Жамбыл гидромелиорация-құрылыс институтын тәмамдаған жас иженер жігіт Бахтияр Құрақбайұлы Жолдасовпен бірге шаңырақ көтерді. Асқақ армандарын алдағы өмірлеріне ту еткен жас жұбайлар жолдама арқылы Жезқазған облысы Приозерный ауданының (қазіргі Ақтоғай ауданы) Айыртас ауылына келді. Құлпаршын «Айыртас» мектебіне мұғалім, Бахтияр су инженері болып



орналасып, жаңа өмірдің соқпақ жолына түсіп еді...

Заманның алмағайып кезеңдері адамды әртүрлі амал-әрекеттерге баруға мәжбүрлейді ғой. Кеңестік жүйе құрлымға кетісімен, ауылдардың мәні де, сәні де кете бастағаны барша-мызға мәлім. Осынау аласапыран сәттер Жолдасовтар отбасына да жеңіл тимеген. 1998-жылы Бахтиярдың қызмет бабымен Приозерск қаласына қоныс аударуына тура келді. Құлпаршын қаладағы № 1 мектепке оқытушы жетіспей жатқан бастауыш сыныптарға мұғалім болып орна-

(соңы 4 бет)



## ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА ӨТКІЗУ ЖАЙЫНДА ХАБАРЛАМА

Қарағанды облысының «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ 2015 жылдың 11 наурызында сағ.11.00 [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) сайтында электронды сауда өткізілетінін мәлімдейді.

Саудаға ұсынылады:

№1 лот бағаны төмендету арқылы (Голландтық әдісі) Бауыржан Момышұлы 1а мекен-жайында орналасқан, бір қабатты ғимарат, жалпы алаңы ш.м. техникалық жағдайы қанағаттанарлық, күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бастапқы баға 32 220 000 ( отыз екі миллион екі жүз жиырма мың) тенге.

Ең төменгі баға 3 222 000 (үш миллион екі жүз жиырма екі мың) тенге.

№2 лот бағаны төмендету арқылы (Голландтық әдісі) Бауыржан Момышұлы 1 мекен-жайында орналасқан мүлтік кешен, жалпы алаңы 1480,3 ш.м., техникалық жағдайы қанағаттанарлық, нысан күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бастапқы баға 134 225 000 (жүз отыз төрт миллион екі жүз жиырма бес мың) тенге.

Ең төменгі баға 13 422 500 (он үш миллион төрт жүз жиырма екі мың бес жүз) тенге.

№3 лот бағаны төмендету арқылы Бауыржан Момышұлы 6 мекен-жайында орналасқан, бір қабатты бос ғимарат, жалпы алаңы ш.м. техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз, есік терезесі жоқ, күрделі жөндеуді қажет етеді және инженерлік коммуникациялық жүйелерді тарту қажет.

Бастапқы баға 45 710 000 (қырық бес миллион жеті жүз оні мың) тенге.

Ең төменгі баға 4 571 000 (төрт миллион бес жүз жетпіс бір мың) тенге.

Жарияланған баға бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы саудасаттықтың голландтық әдісі бойынша аукцион жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Аукционға қатысу үшін мыналарды көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет:

1)жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі,

аты, әкесінің атын (бар болса);

2)занды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3)кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелері;

4)байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail);

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталына енгізілген деректерді өзгертеді.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

**Қосымша ақпаратты келесі мекен жай бойынша аласыздар: Приозерск қаласы Балқаш көшесі 5 үй, «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ 307 бөлме, тел. (71039) 5-36-18.**

**Кепіл жарна:**

№1 лот бойынша – 966 600 (тоғыз жүз алпыс алты мың алты жүз) тенге.

№2 лот бойынша - 4 026 750 (төрт миллион жиырма алты мың жеті жүз елу) тенге.

№3 лот бойынша - 1 371 300 (бір миллион үш жүз жетпіс бір мың үш жүз) тенге.

Кепіл жарна келесі есеп шотқа жіберіледі «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ БСН 1 3 1 0 4 0 0 2 7 8 0 2, Ж С К № К Z 5 7 0 7 0 1 0 3 K S N 3 0 2 7 0 0 0, БИК ККМФКЗ2А, в «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетіне», Депозитный шот № К Z 2 2 0 7 0 5 0 3 4 5 9 2 2 5 9 0 0 1.

Нысан сатып алуды бөліп төлеу пайыздарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде қайта қаржыландырылатын ресми ставкаға сүйене отырып есептеп берілуі мүмкін.

## АДАМЗАТТЫ АЛАҢДАТҚАН АУҒАН СОҒЫСЫ

(соңы. басы 1 бет)

-налист-жауынгер ағаларымызға алғысын білдіріп, құттықтау тілектер айтып, оларды естелік сыйлықтармен және мерекелік медальдармен марапаттады. Жауынгер ағаларымыз жиналған көпшілікке сұрапыл соғыстың өз өмірлеріне сал-

қанған ән мен нақышына мың бұралған би әркімнің көңілінен шықты деп ойлаймыз.

Ауған соғысы жүрекке жазылмайтын жара салған, тарихтағы қан сіңген қызыл парак. Тиісінше, осы соғыстың ардагерлерін құрметтеу әрқайсымыздың парызымыз.



А. Қабатаева,

«Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ-нің инспекторы

ған «сызы» туралы сыр шертті. Мәдени шараға Теміртау қаласынан арнайы шақырылған өнер жұлдыздары жиналған қауымға өздерінің концерттік бағдарламаларын ұсынды. Әуелете шыр-

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ЭЛЕКТРОННЫХ ТОРГОВ

ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» Карагандинской области 11 марта 2015 года в 11.00 часов на сайте [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) проводит аукцион по продаже объектов коммунальной собственности.

К продаже предлагается:

Лот №1 на понижение цены торгов (Голландский метод) - одноэтажное здание по ул. Бауыржана Момышұлы, 1а, общей площадью 513,9 кв.м, техническое состояние здания оценивается как удовлетворительное, объект требует капитального ремонта.

Стартовая цена 32 220 000 (тридцать два миллиона двести двадцать тысяч) тенге.

Минимальная цена 3 222 000 (три миллиона двести двадцать две тысячи) тенге.

Лот №2 на понижение цены торгов (Голландский метод) - имущественный комплекс по ул. Бауыржана Момышұлы, 1, общей площадью 1 480,3 кв.м, техническое состояние имущественного комплекса оценивается как удовлетворительное, объект требует капитального ремонта.

Стартовая цена 134 225 000 (сто тридцать четыре миллиона двести двадцать пять тысяч) тенге.

Минимальная цена 13 422 500 (тринадцать миллионов четыреста двадцать две тысячи пятьсот) тенге.

Лот №3 на повышение цены торгов (Голландский метод) - одноэтажное пустующее здание по ул. Бауыржана Момышұлы, 6, общей площадью 1 630,3 кв.м, техническое состояние здания оценивается как не удовлетворительное, объект без окон и дверей, требует капитального ремонта и подведения инженерно-коммуникационных сетей.

Стартовая цена 45 710 000 (сорок пять миллионов семьсот десять тысяч) тенге.

Минимальная цена 4 571 000 (четыре миллиона пятьсот семьдесят одна тысяча) тенге.

Победителем аукциона по голландскому методу торгов признается участник, первый подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации по объявленной цене, и аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-

портале реестра с указанием:

1)для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2)для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее – БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб-портал реестра.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно установленной форме и подписанную ЭЦП участника.

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за двадцать четыре часа до начала аукциона.

**Дополнительную информацию о проведении торгов можно получить по адресу: г. Приозерск, ул. Балхашская, д. 5, ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск», 307 каб, тел. 8 (71039) 5-42-36.**

**Гарантийный взнос:**

за лот №1- 966 600 (девятьсот шестьдесят шесть тысяч шестьсот) тенге.

за лот №2- 4 026 750 (четыре миллиона двадцать шесть тысяч семьсот пятьдесят) тенге.

за лот №3- 1 371 300 (один миллион триста семьдесят одна тысяча триста) тенге.

Гарантийный взнос вносится на счет ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск», БИН 131040027802, ИИК № К Z 5 7 0 7 0 1 0 3 K S N 3 0 2 7 0 0 0, БИК ККМФКЗ2А, в «Комитете Казначейства МФ РК, на Депозитный счет № К z 2 2 0 7 0 5 0 3 4 5 9 2 2 5 9 0 0 1.

Объект может быть продан в рассрочку с начислением процента, исходя из официальной ставки рефинансирования Национального Банка Республики Казахстан.

## Дайджест интернет-публикаций

### ПОЧЕМУ ЕВРО ПОРА УХОДИТЬ

<http://www.vestifinance.ru/articles/53475>

Единая европейская валюта обречена на провал. Учитывая структуру еврозоны, именно такой вариант развития событий и выглядит единственно возможным. В таком случае выход Греции из валютного блока станет лишь первым шагом разрушения конструкции евро.

Для того чтобы понять почему, необходимо начать с рассмотрения двух фундаментальных составляющих: дисциплины и рынка. Экономика устроена таким образом, что в качестве главного надзирателя выступает рынок. Именно он устанавливает цены не только на товары и услуги, но и определяет котировки валют, а также отражает риски, порождаемые фискальными и торговыми дисбалансами.

Иными словами, для страны рынок помогает вырабатывать финансовую дисциплину. Так, например, если отдельно взятая страна начинает эмитировать чрезмерное количество валюты, не повышая при этом производство товаров и услуг на эквивалентную сумму, рынок наказывает ее, обесценивая валюту. Как следствие, импорт становится слишком дорогим, а инвесторы отказываются покупать облигации, если ставка недостаточно высока, чтобы покрыть риски.

Конечно, политическое и финансовое руководство страны будет пытаться исправить ситуацию, но, опять же, для отдельной страны валютный рынок является слишком большим, чтобы долгое время можно было искусственно поддерживать стоимость валюты. Монетарные власти могут пробовать различные варианты, в том числе привязку к какой-то твердой валюте, но в конечном счете рынок все равно расставит все на свои

места.

Есть и другая форма дисциплины - государственная. В качестве примера можно привести различного рода ограничения по займам. Все помнит, как в еврозоне вводились ограничения по дефициту бюджета и другие меры фискальной консолидации. Как правило, такого рода дисциплина попросту игнорируется или обходится.

Что мы имеем в зоне евро? Мы видим чистой воды государственную дисциплину. Входя в состав валютного блока, страна, по сути, закрывает возможность для рынка указывать на ее внутренние дисбалансы. Иными словами, рыночная дисциплина, которой нельзя манипулировать, заменяется на государственную, которой манипулировать можно. Экономисты уверены: идея того, что государственное управление может создать уровень дисциплины, эквивалентной рыночному, была и есть не более чем фантазией.

Кстати, именно поэтому у Греции нет другого решения, как выйти из зоны евро. Европейские политики могут сколько угодно пытаться жить в своих иллюзиях, но пока евро не исчезнет как валюта, ни о каких реальных реформах не может быть и речи. Тогда-то валютный рынок наконец сможет показать реальную картину происходящего и оценить дисбалансы всех участников валютного союза.

Пока же все проблемы решаются только путем печатного станка и увеличения заимствований. Но о каких реформах можно говорить, когда идет постоянный рост долговой нагрузки. На реформы можно рассчитывать только тогда, когда страна объявит дефолт по тем долгам, по которым она не в состоянии платить. А вот различного рода "программы спасения" весь этот процесс реформирования откладывают.

ОВП города Приозерск

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАР

\*\*\*

## ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-97**  
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:

Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап  
Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап  
Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ “Аппарат Акіма города Приозерск” 5-41-97**  
**График приема граждан:**  
Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов  
Заместитель Акіма (коммуналная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов  
Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

**“Приозерск қаласының кәсіпкерлік және өнер кәсіп бөлімі” ММ сенім телефоны 5-27-73 және 5-33-81**  
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдела предпринимательства и промышленности города Приозерск” 5-27-73 и 5-33-81**  
График приема граждан начальником отдела - ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

**“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57**  
Бөлім бастығының азаматтарды жеке

сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск” 5-28-57**  
График приема граждан начальником отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

**“Приозерск қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі” ММ сенім телефоны 5-32-99**  
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - аптаның әр сәрсенбі күні сағат 17.00-18.00 дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел сельского хозяйства и ветеринарии города Приозерск” 5-32-99**  
График приема граждан начальником отдела - еженедельно по средам с 17.00-18.00 часов

**“Приозерск қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі” ММ сенім телефоны 5-40-95**  
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі сайын сағат 17.00 ден бастап.

**Телефон доверия ГУ “Отдел культуры и развития языков города Приозерск” 5-40-95**  
График приема граждан начальником отдела - по средам с 17.00 часов.

\*\*\*

**“Приозерск қаласының жер қатынастары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-32-48**  
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты күн сайын сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел земельных отношений города Приозерск” 5-32-48**  
График приема граждан начальником отдела - ежедневно с 16.00 до 18.00 часов.

**“Приозерск қаласының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі” ММ сенім телефоны 5-29-62**  
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сейсенбі күні: 17.00 ден бастап жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ “Отдел образования, физической культуры и спорта города Приозерск” 5-29-62**  
График приема граждан начальником отдела: вторник: с 17.00 часов пятница: с 18.00 часов.

**“Приозерск қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі” ММ сенім телефоны 5-40-13, 5-28-44.**  
Бөлімнің бастығының азаматтарды қабылдау кестесі – Дүйсенбі – Жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ “Отдел архитектуры и градостроительства города Приозерск” 5-40-13, 5-28-44.**

График приема граждан руководителем отдела - Понедельник – Пятница с 16.00 до 18.00 часов.

**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**  
Бөлімнің бастығының азаматтарды қабылдау кестесі – Дүйсенбі – Жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**  
График приема граждан руководителем отдела - Понедельник – Пятница с 16.00 до 18.00 часов.

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**  
Бөлім бастығының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты – күнделікті жұмыс уақытында

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**  
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно в течении рабочего времени

**«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13**

**Телефон доверия РГУ «Приозерского городского управление по защите прав потребителей» 5-41-13**

## МАМАНДЫҒЫН МАҚТАН ЕТКЕН МҰҒАЛИМА

(соңы, басы 2 бет.)

ласты. Күлпашын үшін енді кітаптын жаңа парағы ашылғандай еді. Қанша дегенмен, бастауыш сыныптың өзіндік әдістемесі, сабақ өту тәртібі өзгешелеу. Осыны ескерген ол Тараз қаласындағы Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» факультетінде оқып, мамандығын жетілдіріп алды. Білімі мен білігі, тәжірибесі мен өмірден көріп-түйгені мол маманды тани білген мектеп басшылығы 2006-жылы мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Қазір I-санатты оқытушы жас мамандардың тәлімгері және үлгі тұтар тұлғасына айналған.

Ұлағатты ұстаздың осы кезге дейін қол жеткізген жетістіктері жайлы саусақ бүгіп саналасақ, марапаттары жетіп артылады. Ол – «2004-2005-оқу жылы мектептің қоғамдық жұмысында белсенділік танытқаны және мектептің абыройын көтеруде қосқан зор үлесі үшін» Құрмет грамотасымен, 2006-2007-оқу жылы «Білім беру саласында қосқан зор үлесі мен қол жеткен табыстары үшін» Қарағанды облысы Білім департаментінің Құрмет грамотасымен, 2012-2013-оқу жылы «Қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке және шығармашылық үлесі үшін» Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен, 2013-2014-оқу жылы XI Республикалық зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсына дайындағаны үшін» Қарағанды облысы Білім басқармасының Мадақтамасымен, 2014-2015-оқу жылы «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты облыстық сурет байқауына дайындағаны үшін» Алғыс хатымен, 2014-2015-оқу жылы «Балалар мен жеткіншектер сарайы» КМҚК, «Сарыарқа дарыны» аймақтық балалар бейнелеу өнері шығармашылығы үшін» Алғыс хатымен марапат-талған.

Білім мен тәрбие беріп жатқан шәкірттерінің

алған марапаттары өз алдына бір төбе. Атап айтқанда: 2012-2013-оқу жылы «ШҒА 43-ҒПК шеңберіндегі облыстық фестивальға белсене қатысқаны үшін» Нұрдулет Кәрібек Алғыс хатпен, 2012-2013-оқу жылы «Бөбек» сауықтыру орталығында өткізілген іс-шарада белсенділік танытқаны үшін» Мәди Уахит Мадақтамамен, 2013-2014-оқу жылы «Халықаралық «Мен зерттушімін» байқауы шеңберінде мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып арасында өткен облыстық фестивальға белсене қатысқаны үшін» Берікжан Назаров алғыс хатпен, 2013-2014-оқу жылы «Мен зерттушімін» байқауы шеңберінде мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып арасында өткен облыстық фестивальға белсене қатысқаны үшін» Даниял Бағдатұлы II-дәрежелі дипломмен, 2013-2014-оқу жылы Қалалық спорт жарысы – бокстан Айбар Жолдыбек III-дәрежелі дипломмен, 2013-2014-оқу жылы I-7-сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» IX республикалық конкурсының жүлдегері Даниял Бағдатұлы III-дәрежелі дипломмен, 2014-2015-оқу жылы «BRITISH BULLDOC 2014» интеллектуалды конкурсының жүлдегері Мерей Құсайынова II-орын алып, дипломмен, 2014-2015-оқу жылы Қарағанды облыстық Білім басқармасы «Ашық аймақтық балалар бейнелеу өнері шығармашылығы байқауының «Графика» номинациясы бойынша Нұрдулет Кәрібек II-орын иеленгені үшін» дипломмен, 2014-2015-оқу жылы I-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» Х-республикалық конкурсының аймақтық кезеңінде Әлия Қосыбаева II-дәрежелі дипломмен, 2014-2015-оқу жылы «Халықаралық «Мен зерттушімін» байқауы шеңберінде мектеп жасына дейінгі бастауыш сынып арасында өткен облыстық фестивальға белсене қатысқаны үшін» Әлия Қосыбаева Алғыс хатпен, осы фестивальға белсене қатысқаны үшін Нұрдулет Кәрібек те Алғыс хатпен марапатталды.

Міне, жоғарыда біз саналап шыққан марапаттар мен мадақтаулар К.Мұратованың өзі

## ХАБАРЛАНДЫРУ

\*\*\*

## ОБЪЯВЛЕНИЯ

## СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Выданные акиматом города Приозерск на имя: Юсуповой Фариды Избосаровны и членов её семьи - Султанбаева Абдималика Умирбековича и Байжан Айваны Ренатқызы следующие документы:  
-Договор приватизации № 79 от 10.12.2013г.;  
-технический паспорт (Ф-3), б/н, от 13.12.2013г.;  
-заключение № 14-1179/14-19 от 13.12.2013 г. (кадастр.номер 09:111:002:1301:(016:012):060 на 3-х комнатную квартиру № 60 по адресу:  
г.Приозерск, ул. Гвардейская-12, в связи с утерей

## О ПРЕКРАЩЕНИИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**объявляет**  
Жаксыбаев Жанабил Жылхайдарович, свидетельство о гос.регистрации ИП серии 12915, № 0669929, выданное НУ по г.Приозерск от 27.12.2012 г. Претензии принимаются в течение месяца по тел. 8-778-853-75-00

## НЕДВИЖИМОСТЬ

**Продам**  
2-х комнатная квартира по адресу: ул.Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый

сүйген мамандығында жетіп жатқан жеңістері мен жеңістерінің айқын айғағы. Таннның атысынан, күннің батысына дейін мектептегі дәрісін, әдістемелік, ұйымдастыру, қадағалау жұмыстарын атқарып келіп, үй шаруасына араласатын отанасы түнге қарай ертеңгі сабаққа, алдағы ұйымдастырылатын шараларын жасау мен пысықтауға отырады. Бұның бәрін тап-тұйнақтай атқару үшін қаншама күш-жігер, шыдамдылық пен ұқыптылық қажет екенін бағамдай беріңіз. Екі ұл бір қыздың анасы болған Күлпаршын алдағы жазда Нұрсұлтанна келін түсіруді мақсат

этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97.

3-комн. квартира. Или меняю на 2-комнатную с доплатой. Тел. 8775749131 дом.5-33-64

2-х ком. квартира по ул. Достык16/2 -10 Тел. 8778-853-75-53, 52

2-х ком.квартира Цена договорная. тел. 8-775-359-68-30

Приватизированная 2-комн. квартира, сделан кап.ремонт, без долгов, по ул. Агыбай багыра -4, кв.15 тел.8-777-485-62-51, 8-702-648-26-28

## Сдаю

2-х и 3-х комн.квартиры. Обе квартиры оформлены на ИП. Тел.5-29-84, 8778-854-04-41

## Недорого

3-х ком. квартира. Телефон 8-777-129-19-77

## Автозапчасти

Блок-фара левая, б/у от а\м Mazda-626, переходка. Телефон: 8702-60-40-260

етіп отыр. Өзі қалап жолына түскен ұстаздықтың қиындығымен бірге қызығын, жемісі мен жетістігін көріп отырған К.Мұратова шәкірттері бәйгелі додалардан жеңіспен оралғанда бір маркайып, шаршауы шығып кететінін жасырмайды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деген даналық сөз Күлпаршын секілді мұғалімдерге қарата айтылған, тегі!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ЦР (временно). Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz\_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 07/392. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041